

Стратегиялық объектіні иеліктен шығару және "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1013 қаулысы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**

Е Т Е Д І :

1. «Петропавл қаласының халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қоғам) жасанды ұшу-қону жолағын, рульдеу жолын, перронды және жарықпен сигнал беру жабдығын мемлекеттік меншікке өтеусіз негізде иеліктен шығару жөнінде мәміле ж а с а с у ғ а р ұ қ с а т б е р і л с і н .

2. «Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 330-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

«Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)» деген бөлімде: реттік нөмірі 67-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

67.	«Петропавл қаласының халықаралық әуежайы» АҚ акциялары пакетінің 100 %
-----	--

» ;

«Халықаралық әуежайлар» деген бөлімде:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

4.	«Петропавл қаласының халықаралық әуежайы» АҚ-ның мүліктік кешені
----	--

»;

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

«Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)» деген бөлімде:

реттік нөмірі 7-жол алып тасталсын:

«Халықаралық әуежайлар» деген бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол алып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*